

**Нығыман Алшынов атындағы Жалаулы орта мектебінің
«Қамқоршылық кеңес» отырысының
ХАТТАМАСЫ №1**

Өтілген күні: 04.09.22 ж.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес құрамы, мектеп директоры, ДТІЖО, ата-аналар

Күн тәртібі

1. Жалпыға білім беру қорынан жетім, жартылай жетім және отбасылық жағдайы төмен аз қамтылған, мүгедек және көпбалалы отбасыларынан шыққан балаларының мектеп асханасында ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

2. «Мектепке жол акциясы» акциясы бойынша аз қамтылған, көпбалалы отбасыларына көмек көрсету.

3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекіту ұсыну.

1.Тыңдалды: Какимова Гульдана Ертаевна (мектеп директоры). Биылдан бастап Оқуағарту министрлігі материалдық көмек көрсету ережелеріне өзгерістер енгізді. Бұған дейін өңірлерде бөлінген сома 17-ден 40 мың теңгеге дейін болса, биыл бұл сома ұлғайтылып, кемінде 37389 теңгені құрап отыр.

2022-2023 оқу жылында мектебіміздегі атаулы әлеуметтік көмек алатын, күнкөріс деңгейі төмен отбасы саны анықталуда. Қазіргі уақытта 1 отбасы өтінішін білдіріп, құжаттарын ұсынды. Осы ұсынылған құжаттар негізінде бүгінгі күні қамқоршылық кеңес құрамы арнайы комиссия отырысын өткізуде.

1.1.Тыңдалды: Калкенова Динара Каириденовна - Қамқоршылық кеңес төрайымы.

«Жалпыға міндетті білім беру» қоры арқылы көмек көрсету тетігіне де өзгерістер енгізілді. Енді атааналарға мектеп формасын, аяқ киім, кеңсе тауарларын және т.б.балаларымен бірге таңдап, сатып алуы үшін жеке шоттарына ақша аударылады. Бұрын мұның барлығын әкімдіктер сатып алатын және ол тауарлардың өлшеміне, сапасына және т.б.байланысты мәселелер туындайтын.

2.Тыңдалды: Ахметова Гульжазира Шаймерденовна директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Биылғы оқу жылы басталмай тұрып, тамыз айында ауылымыздың «Ахмет» ІІҚ басшысы Ахметов Ж.Е. республикалық «Мектепке жол» акциясы бойынша аз қамтылған отбасындағы оқушыға кеңсе тауарларын сыйға тартты.

2.1.Тыңдалды: Акжан Айдана Нурлановна - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Биылғы оқу жылында осы қамқоршылық кеңесінің мүшелер тізіміне кірдім. Қамқоршылық кеңестің жұмысына жалпы өзім ризамын. Кеңестің барлық жұмыс міндетін атқаруға тырысамын.


3.Тыңдалды: Калкенова Динара Каириденовна - Қамқоршылық кеңесі төрайымы. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын қарап шығып, бекітуге ұсынуымыз керек.

Қаулы:

1. Арнайы анықталған отбасыға қаржы есептеліп, заңды өкілдерінің жеке есеп шотына аударылсын.

2. Нақтыланған отбасының құжаттарын толықтырып жинап өткізу мектептің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахметоваға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:
Хатшы:
Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

 Д.К.Калкенова
 Г.К.Садвакасова
 Г.Н.Азылбекова
 А.Н.Акжан
 Б.Т.Даирбеков
 Б.М.Матаева
 М.К.Каппасова
 Н.М.Байманова
 Ж.Е.Ахметов
 Т.Т.Ибраев